**Автор**: Шниязова Гулдариға Муратбековна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 4-сынып
**Бөлім**: Қоршаған ортаны қорғау
**Тақырып**: Көмектес септігі

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 4.4.2.3 – зат есімді септеу, тәуелденген сөздердің септелуін білу. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: Сөйлемнен көмектес септік жалғаулы сөздерді таба алады.<br>Көптеген оқушылар: Өз пікірін дәлелдей алады.<br>Кейбір оқушылар: Берілген тақырып бойынша ой қорыту жасай алады. |
| Тілдік мақсаттар: | Өз пікірін дәлелдеп айтып бере алады. |
| Күтілетін нәтиже: | Көмектес септігінің сұрақтарын ажыратады. |
| Бағалау критерийлері: | Көмектес септігінің жалғауларын біледі. |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқушыларды бір-біріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Электронды тапсырмалар. |
| Пәнаралық байланыс: | Жаратылыстану |
| Бастапқы білім: | Шығыс септігі. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Психологиялық дайындық<br>Күн жарығын алақанға саламын,<br>Жүрегіме басып ұстай қаламын.<br>Ізгі әрі нәзік, жарық, мейірімді,<br>Болып кетер сонда дереу жан - жағым.<br>- Міне, жүрегіміздегі осындай жылумен сабағымызды бастаймыз Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда)<br>Шұғыл SMS (хабарландыру)...» әдісі.<br>1)Қазақ тілінде неше септік бар?<br>2) Ілік септіктің сұрақтарын ата?<br>3) Барыс септіктегі сөздер сөйлемнің қай мүшесі болады?<br>4) Жатыс септік жалғауларын ата<br>5) Шығыс септіктегі зат есімдер қандай сұрақтарға жауап береді?<br>6) Шығыс септік жалғауларын атаңдар?<br>Жұмбақ шешу<br>Кенжесімін бүгінде<br>Кіммен, немен жүремін<br>-мен,-бен,-пен жалғауы<br>Осы болды таңдауым<br>-Балалар бұл қай септік туралы айтылып тұр?<br>-Көмектес септік -Бүгін біз көмектес септік туралы өтеміз. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау | Көңілді әуен қосып қою<br>Мақал-мәтел жазылған қима қағаздар |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | 68-жаттығу. (Ұ; Т) Жұмбақты оқып, шешуін табу. Қарамен жазылған сөзге сұрақ қою арқылы олардың қай септікте тұрғанын анықтау.<br>ҚБ: (мадақтау, қолдау сөздер айту);<br>Жаңа ақпарат. Көмектес септіктегі зат есімдер кіммен? немен? кімдермен? нелермен? деген сұрақтарға жауап береді. Көмектес септігі атау септіктегі сөзге -мен, -бен, -пен жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Бұл жалғауларды көмектес септік жалғаулары деп атайды.<br>69-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазу.(ЖЖ) Сөйлем мүшесіне талдау.<br>Дескриптор: Бір-біріне түсіндіре отырып, сөйлем мүшесіне талдайды. Көмектес септіктегі сөздер сөйлемнің қандай мүшесі болып тұрғанын анықтайды.<br>ҚБ:Бір-бірінің қатесін тауып, түзетіп, орындалған жұмысты өзара бағалайды.<br>70-жаттығу. (Ө) Мәтінді түсініп оқу. Оқулықта берілген мәтінді оқып, оған ат қою.Кесте бойынша көмектес септігі туралы ой қорыту.<br>КБ:Берілген сөздерге көмектес септік жалғауының әртүрлі жалғану себебін түсіндір<br>ҚБ: оқушылардың жауаптарына, іс-әрекеттеріне бақылау жүргізіп, белгілеп алу арқылы бағалау;<br>71-жаттығу. (Ө) Өлеңді көшіріп жазу.<br>Дескритор: Ұйқасына лайық сөзді қойып, өлеңді қатесіз көшіріп жазады. Шығыс, көмектес септіктегі сөздерді табады. Көмектес септіктегі сөзді сөз құрамына талдай алады<br>ҚБ: мұғалімнің жазбаша кері байланысы;.<br>ҚБ: «Бас бармақ әдісі» әдісі арқылы Оқушылар бір-бірінің өзіндік жұмысын тыңдап, бас бармақ смайликрерімен бағалайды.<br>«Жасыл» түс – негізгі ойды түсініп, мазмұнын толық ашқан.<br>«Сары» түс – мазмұнын ашқан. Әңгіме жүйелі құрылмаған.<br>«Қызыл» түс – мазмұнын толық ашпаған. Тақырыптан ауытқыған. | Оқулықпен жұмыс<br>№3 дәптермен жұмыс |
| Сабақтың соңы | «Баскетбол» ойыны арқылы көмектес септік туралы білімдерін бекіту. көмектес септікте тұрған сөздерге допты лақтыру | Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату |
| Рефлексия | Рефлексия «Көбелекті гүлге қондыр» әдісі.<br>Үйге тапсырма: 73-жаттығу. (Т) Жағдаяттан шығу. Берілген жағдаятты мұқият оқып, мазмұнын талқылау | Тиімді кері байланыс орнату |